

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қарасу ауданы білім бөлімінің Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ директоры Қаби Г.А. «Білім беру саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету туралы» 05.01.2025 жылдан бастап 31.12.2025 жылға дейінгі есебі

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қарасу ауданы білім бөлімінің Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне сәйкес 10 мемлекеттік қызмет көрсетеді. Мемлекеттік қызметті 7 мектеп қызметкері көрсетеді.

2025 жылдың 12 айында 271 мемлекеттік қызмет көрсетілді:

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қарасу ауданы білім бөлімінің Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ -де 2025 жылғы қаңтардан бастап келесі мемлекеттік қызметтер көрсетіледі:

1. АРМ – **32** электрондық платформасы арқылы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау, канцелярия арқылы – **17**.
2. Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру – **1**
3. Денсаулығы бойынша ұзақ уақыт бойы бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдарына бара алмайтын балалардың үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау – **3**
4. Бастауыш, негізгі, орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау – **54**
5. Шалғайдағы ауылдық елді мекендерде тұратын балаларды оқу орындарына және үйлеріне тегін тасымалдауды қамтамасыз ету – **7**
6. Негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқуға рұқсат беру – **0**
7. Педагогтерді аттестаттаудан өткізу үшін құжаттар қабылдау – **6**
8. Балаларға қосымша білім беру үшін қосымша білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау – **134**
9. Мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру – **17**
10. Білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне қаржылық және материалдық көмек көрсету - **0**

Қызметті алушылармен жұмыс

Ақпаратқа қол жеткізу орындары: мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы; мемлекеттік қызметтер көрсету стандарттары орналастырылған мемлекеттік қызметтер туралы ақпараттық стенд; бұқаралық ақпарат құралдары: мектептің сайты, мессенжерлер; мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі мәселелер қаралатын директор жанындағы кеңестер болып табылады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету ережелерін түсіндіру бойынша іс-шаралар жоспарланып, өткізілуде (сынып сағаттары, оқушылар сауалнамасы, ата-аналар жиналысы).

Мемлекеттік қызмет көрсету үдерістерін жетілдіру жөніндегі қызмет

Мемлекеттік қызмет көрсету үдерістерін оңтайландыру және автоматтандыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау

Ағымдағы кезеңде көрсетілетін қызметті алушылардан мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шағымдар түскен жоқ.

Назар аударғаныңызға рахмет!